

ЖАҢАЛЫҚТАР

Трамп Ресейдің соғыс кесірінен дизель отынын "бақылаудан айырылғанын" айтты

22 қыркүйек 2026 жыл, 10:15



АҚШ президенті Дональд Трамп

АҚШ президенті Дональд Трамп Украинадағы соғысты тоқтатуға тағы да шақырып, оны күллі әлемге кесірін тигізіп жатқан "масқара" деп атады. Трамп TruthSocial әлеуметтік медиа платформасында жазған **постында** әлемдік нарықта дизель отыны тапшы екенін айтып, оны Ресейдің мұнай өңдеу зауыттарына Украина жасаған шабуылдармен тікелей байланыстырған.

Трампың жазуынша, Ресей Украинаға қарсы бастаған соғысының салдарынан "өкінішке қарай, дизель отынын өндіруді бақылаудан айырылған". Ол бұған қоса Ресейдің мұнай өңдеу зауыттарының көбінің "күлі көкке ұшқанын" және уақытша болса да істен шыққанын атап өткен. "Украинадағы бұл қисынсыз және шексіз

соғыс аяқталуы керек" деді АҚШ президенті. Ол соғыстан күллі әлем зардап шегіп отырғанын, ай сайын "25 000 адамның, көбіне сарбаздардың" қаза тауып жатқанын айтты. "Қандай масқара!" – деп жазды Трамп постында.

Бұдан бірнеше күн бұрын Трамп АҚШ-та бағасы рекордтық деңгейге көтерілген дизель отыны мәселесін қозғаған – мұндай баға өсімі биыл қарашадағы Конгресстің аралық сайлауында Республикалық партияның табысқа жету мүмкіндігіне өзге жайттармен қатар кедергі болуы ықтимал дейді сарапшылардың көбі. Трамп бағаның өсуін Украинадағы соғыспен байланыстырып, Киевті Ресейдің мұнай өңдеу зауыттарына шабуыл жасаудан бас тартуға шақырған.

Осы аптада АҚШ-та өтетін БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясына қатысатын Украина президенті Владимир Зеленский Трамптың бұл сөзіне байланысты пікір білдірді.



Volodymyr Zelenskyy / Володимир Зеленський

@ZelenskyyUa · Follow



Indeed, this Russian war against Ukraine and against common sense must be ended. From the first year of the full-scale invasion, its consequences have been far-reaching: the loss of many lives, the destruction of cities and villages, food security, energy challenges, the [Show more](#)



Rapid Response 47



@RapidResponse47



Donald J. Trump



@realDonaldTrump

Russia has unfortunately lost control of its Diesel Oil Industry due to its War with Ukraine. A large number of their Diesel refineries have been blown up and are, at least temporarily, out of commission. This ridiculous and never ending War with Ukraine must be ended. The whole World suffers as 25,000 people, mostly soldiers, are being killed each month. What a shame! President DJT

1:22 PM · Sep 21, 2026



32.7K



Reply



Copy link

[Read 2.3K replies](#)

Зеленский Трампа "Росейдің Украинаға қарсы және ақылға қонымсыз соғысы аяқталуы керек" деген пікірімен келісті. Ол Украинаның әу бастан бейбітшілікті жақтап келе жатқанын және қазіргі уақытта президент Трамппен және АҚШ-пен диалог жүргізіп жатқанын айтқан.

"Шиеленісті азайтуға бағытталған нақты қадамдардан бастап, бейбітшілікті қалай жақындатуға болатыны туралы идеялар талқыланып жатыр. Украинаның энергетикасын, маңызды инфрақұрылымын және азық-түлік экспортын нысана қылуды Ресей тоқтатуы керек, сонда Украина тарапынан да шиеленісті азайтуға бағытталған тиісті қадамдар жасалады", – деген Зеленский. Ол сонымен қатар "тек бір тарап зардап шегетін" жағдай болмайтынын, олай болатын болса, "агрессор да зардап шегетінін" атап айтқан.

Өткен жексенбі күні Зеленский Трамппен телефонмен сөйлесіп, екеуі Нью-Йоркте кездесетіні туралы уағдаласқанын **хабарлаған**. Axios пен Financial Times және өзге де бірнеше басылым өз дереккөздеріне сүйеніп, Трамп Зеленскийден дизель отыны мәселелеріне байланысты Ресейдің мұнай өңдеу зауыттарына шабуыл жасаудан тартынуды сұраған деп хабарлады. Ақ үй бұл ақпаратқа байланысты түсініктеме бермеді, ал телефон әңгімесінің егжей-тегжейі жарияланған жоқ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Зеленский Трамппен Нью-Йоркте кездесуге уағдаласқанын айтты
- БАҚ: Зеленский мен АҚШ Орталық барлау басқармасының басшысы Ирландиядан кездескен
- Украина әскері Мәскеу облысы мен Мәскеудегі мұнай өңдеу зауытына шабуылдады
- Трамп Путин Украина бойынша мәміле жасағысы келеді деп мәлімдеді
- Зеленский Ресеймен келіссөз бастауға қарашаға дейін мүмкіндік барын айтты

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ